Пешті пайдалану барысында тұтану, электр тогымен зақымдану, жарақат алу немесе микротолқынды энергияның шектен тыс әсер ету қаупін азайту үшін негізгі сақтық шараларын сақтаңыз, соның ішінде:

1. Назар аударыңыз: сұйықтықтарды және басқа өнімдерді қымтаулы сыйымдықтарда жылытуға болмайды, себебі олар жарылуы мүмкін.
2. Назар аударыңыз: Құрылғының корпусын ашу қажет болатын жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек білікті қызметкерлер орындауы керек.
3. Назар аударыңыз: балаларға қысқа толқынды пешті оған пешті қауіпсіз пайдалануға және дұрыс пайдаланбау қаупін түсінуге мүмкіндік беретін сәйкес нұсқауларды алғаннан кейін ғана өз бетінше пайдалануға рұқсат етіледі.
4. Ескерту: құрал аралас режимде жұмыс істегенде балалар пешті жоғары температурадан ересектердің бақылауымен ғана қолдануы керек. (тек Гриль сериясы үшін)
5. Қысқа толқынды пеште қолдануға жарамды ыдыстарды ғана пайдаланыңыз.
6. Пешті үнемі тазалап, тамақ қалдықтарын кетіріп отыру керек.
7. Келесі нұсқауларды оқып шығыңыз және оларды орындаңыз: **МИКРОТОЛҚЫНДЫҚ ЭНЕРГИЯНЫҢ ЫҚТИМАЛ ШЕКТЕН ТЫС ӘСЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ БОЙЫНША САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ**
8. Тағамды пластик немесе қағаз контейнерлерде қыздырғанда тұтану мүмкіндігінен пешті қадағалаңыз.
9. Түтін шыққанда құрылғыны сөндіріңіз немесе розеткадан ажыратыңыз және жалынды сөндіру үшін есікті жабық ұстаңыз.
10. Тамамды қатты қыздырмаңыз.
11. Пешті азық-түлікті сақтау үшін пайдаланбаңыз. Пештің ішінде нан, піспенан сияқты және т. б. тағамдарды сақтамаңыз.
12. Пеште қыздырар алдында қағаз немесе пластик контейнерлерден/ пакеттерден сым шиыршықтары мен металл тұтқаларды алып тастаңыз.
13. Осы пешті тек қоса берілген нұсқауларға сәйкес орнатыңыз және орналастырыңыз.
14. Қабығымен және бітеу пісірілген жұмыртқаларды пеште жылытуға болмайды, өйткені олар, мысалы, микротолқындармен қыздыру процесі аяқталғаннан кейін жарылуы мүмкін.
15. Құралды нұсқаулықта сипатталғандай тек мақсатына сай пайдаланыңыз. Бұл құралда жемір химиялық заттарды немесе буларды пайдаланбаңыз. Бұл пеш тек қана тағамды жылытуға арналған. Ол өнеркәсіптік немесе зертханалық пайдалануға арналмаған.
16. Жарақат алу және электр тогымен зақымданудың алдын алу үшін зақымдалған желілік кәбілді өндіруші, сервис орталығының өкілі немесе басқа білікті маман ауыстыруы керек.
17. Бұл құралды ашық ауада сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.

18. Пешті судың жанында, дымқыл жертөледе немесе бассейннің жанында пайдаланбаңыз.
19. Аспап жұмыс істеп тұрған кезде қолжетімді беттердің температурасы жоғары болуы мүмкін. Баусымды қызған беттерден алыс ұстаңыз және оны пешке қоймаңыз.
20. Баусымның үстелдің немесе үстелдің үстіңгі тақтайының шетінен салбырап түсіп тұруына жол бермеңіз. Қуат баусымы зақымдалғанда қауіптілікті болдырмау үшін оны ауыстыруды өндіруші, сервис қызметі немесе осыған ұқсас білікті қызметкерлер жүргізуі тиіс.
21. Пеш тазалығына қойылатын талаптарды сақтамау беттің сапасының нашарлауына алып келуі ықтимал, бұл аспаптың қызмет ету мерзімін қысқартып, қауіпті жағдай қауіпін тудыруы мүмкін.
22. Тамақтандыруға арналған бөтелкелер мен балалар тағамы бар құтылардың ішіндегісін қолданар алдында араластыру немесе шайқау керек, сондай-ақ күйіп қалмау үшін температураны тексеру керек.
23. Сусындарды қысқа толқынды пеште қыздыру кейінге қалдырылған қатты қайнауға әкелуі мүмкін, сондықтан ыдыстармен жұмыс істегенде сақ болыңыз.
24. Осы құрал денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз тұлғаларға (балаларды қоса алғанда), олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғаның құралдың қолданылуына қатысты бақылауда болған немесе нұсқау берген жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. (Еуропадан тыс нарық үшін)
25. Балалар аспаппен ойнамауын қадағалаңыз. Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар, сондай-ақ денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе қадағалаушы бақылауымен тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз тұлғалар пайдалануы мүмкін, егер оларға құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулар берілсе және олар ықтимал қауіптермен таныстырылған болса. Балаларға аспаппен ойнауға тыйым салынады. Тазалауды және пайдаланушылық қызмет көрсетуді балалар қараусыз жүргізбеуі керек. (Еуропалық нарық үшін.)
26. Қысқа толқынды пешті шкафқа жайғастыруға болмайды.
27. Қысқа толқынды пеш тамақ пен сусындарды жылытуға арналған. Азық-түлікті немесе киімді пеште кептіру, сондай-ақ жылытқыштарды, тәпішкелерді, губкаларды, дымқыл шүберектерді және т.б. қыздыру жарақатқа немесе тұтануға әкелуі мүмкін. Тазалаған кезде аспапты суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз. Аспапты бутазапқышымен тазартуға болмайды.
28. Пеште азық-түлік пен сусындарды қыздыру үшін металл контейнерлерді пайдалануға болмайды.
29. Аспаптан контейнерлерді алып шыққанда айналмалы тіреуішті жылжитпау үшін сақтық таныту керек.
30. Артық қызуға жол бермеу үшін аспапты сәндік есіктің артына орнатуға болмайды.
31. Қауіпсіздік техникасы бойынша маңызды нұсқаулар. Мұқият оқып шығыңыз және кейінгіде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Электр тогымен зақымдану қаупін азайту үшін құрылғыда қорғаныс жерге тұйықталуы қолданылады.

ҚАУІПТІ

Электр тогымен зақымдану қаупі. Кейбір ішкі компоненттерге қол тигізу ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін. Пешті бөлшектеуге тыйым салынады.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жерге тиісті түрде тұйықтамау электр тогымен зақымдануға алып келуі ықтимал. Аспап дұрыс орнатылмағанша және жерге тұйықталмағанша ашаны розеткаға қоспаңыз.

ТАЗАЛАУ

Міндетті түрде аспапты электр желісінен ажыратыңыз.

1. Пайдаланғаннан кейін пештің ішкі бөлігін сәл дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
2. Ыдыс пен аксессуарларды сабынды суда әдеттегі тәсілмен жуыңыз.
3. Есік жақтауы, тығыздағышы және іргелес бөлшектер ластанғанда оларды дымқыл шүберекпен абайлап сүртіп алыңыз.



Аспап жерге тұйықталған болуы керек. Қысқа тұйықталу жағдайында жерге тұйықтау электр тогының бұрылуын қамтамасыз ете отырып, электр тогымен зақымдану қаупін азайтады. Пеште жерге тұйықтау сымы және жерге тұйықтау ашасы бар баусыммен жабдықталған. Аша тиісті түрде орнатылған және жерге тұйықталған розеткаға кіргізілуі керек.

Егер жерге тұйықтау нұсқаулары толық түсінілмесе немесе пешті жерге тұйықтаудың дұрыстығына күмәндансаңыз, білікті электриктен немесе техникалық қызмет көрсету маманынан кеңес алыңыз. Ұзартқышты пайдалану қажет болса, тек қана үш тарамды сымы бар құрылғыны пайдаланыңыз.

1. Пеш баусымының шатасу немесе оған сүріну қаупін азайту үшін қысқа қуат баусымымен жеткізіледі.
2. Егер ұзын баусым немесе ұзартқыш қолданылса:
 - 1) Ұзартқыштың номинал тогы пештің қуат баусымының номинал тогынан кем болмауы керек.
 - 2) Ұзартқыш үш тарамды сыммен және жерге тұйықталумен болуы керек. Ұзын баусымды үстелдің үстіңгі тақтайынан салбырап тұрмайтындай етіп орналастыру керек, оны балалар тартуы мүмкін немесе біреу оған кездейсоқ сүрініп қалады.

ЫДЫС

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Жарақат алу қаупі
Құрал корпусын ашу
қажет болатын жөндеу
және техникалық
қызмет көрсету
жұмыстарын тек
білікті қызметкерлер
орындауы керек.

Қысқа толқынды пеште пайдалануға рұқсат етілген және тыйым салынған материалдар бөліміндегі нұсқауларды қар. Бейметалл ыдыстың кейбір түрлері қысқа толқынды пеште қауіпсіз болмауы мүмкін. Күмәндансаңыз, ыдысты төменде сипатталған әдіспен тексеруге болады. Ыдысты қалай тексеруге болады:

1. Қауіпсіз контейнерге 1 кесе суық су (250 мл) құйып, ал сыналатын ыдысты бос қалдырыңыз.
2. Пешті максималды қуатта 1 минут қыздырыңыз.
3. Ыдысты абайлап ұстап көріңіз. Егер бос ыдыс жылы болса, оны қысқа толқынды пеште тамақ пісіру үшін пайдаланбаңыз.

Қысқа толқынды пеште пайдалануға болатын материалдар Ескертпелер

Алюминий жұқалтыр	Тек артық қызудан қорғау үшін. Ет немесе құстың жұқа кесектері артық қызып кетпеуі үшін оларды кішкентай тегіс жапырақтармен жабуға болады. Егер жұқалтыр пештің қабырғаларына тым жақын болса, ұшқындау пайда болуы мүмкін. Жұқалтыр пештің қабырғаларынан кемінде 1 дюйм (2,5 см) қашықтықта орналасуы керек.
Қуыруға арналған ыдыс	Өндіруші нұсқауларын орындаңыз. Қуыруға арналған қалыптың түбі айналмалы табындықтан кемінде 3/16 дюйм (5 мм) биіктікте орналасуы керек. Дұрыс пайдаланбау айналмалы табандықтың сынуына әкелуі мүмкін.
Асхана ыдысы	Тек қысқа толқынды пеште пайдалану үшін жарамды Өндіруші нұсқауларын орындаңыз. Жарықтары немесе кетіктері бар ыдысты пайдаланбаңыз.
Шыны құтылар	Үнемі қақпағын ашыңыздар. Тамақты жылыту үшін ғана қолданыңыз Шыны құтылардың көбі ыстыққа төзімді емес және жарылып кетуі мүмкін.
Шыны ыдыс	Тек қысқа толқынды пеште пайдалануға арналған ыстыққа төзімді ыдыс. Оның металл жиектеуі жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Жарықтары немесе кетіктері бар ыдысты пайдаланбаңыз.
Көмештеуге арналған пакеттер	Өндіруші нұсқауларын орындаңыз. Пакетті металл кермемен жаппаңыз. Бұдың шығуына арналған тіліктер жасаңыз.
Қағаз төрелкелер мен стақандар	Қысқа мерзімді пісіру немесе қыздыру үшін ғана пайдаланыңыз. Пісіру кезінде пешті қараусыз қалдырмаңыз.
Қағаз сүлгілер	Оларды майды жылыту және сіңіру үшін тағамды жабу үшін пайдаланыңыз. Қысқа мерзімді пісіру үшін ғана қараумен қолданыңыз.
Пергамент қағазы	Шашырауға жол бермеу үшін немесе бұмен өндеуге арналған қаптама ретінде жабу үшін пайдаланыңыз.
Пластик	Тек қысқа толқынды пеште пайдалану үшін жарамды Өндіруші нұсқауларын орындаңыз. "Қысқа толқынды пеште пайдалану үшін жарамды" деген таңбаламасы болуы керек Кейбір пластик контейнерлердің ішіндегі азық-түлік қызған сайын жұмсара береді. Пісіру пакеттері мен тығыз жабылған пластик пакеттерін қаптамадағы нұсқауларға сәйкес тілу, тесу немесе оларда тілік жасау керек.
Пластик қаптама	Тек қана қысқа толқынды пеште пайдалану үшін жарамды Ылғалды сақтау үшін пісірген кезде азық-түлікті жабу үшін пайдаланыңыз. Полиэтилен қаптаманың азық-түлікпен жанасуына жол бермеңіз.
Термометрлер	Тек қысқа толқынды пештерге арналған (ет және кондитерлік бұйымдарға арналған термометрлер).
Балауыз қағаз	Шашырауға жол бермеу үшін және ылғалдылықты сақтау үшін азық-түлікті жабу үшін пайдаланыңыз.

Қысқа толқынды пеште қолдануға тыйым салынған материалдар Ескертпелер


Алюминий табындық	Ұшқындау тудыруы мүмкін. Азық-түлікті қысқа толқынды пеште пайдалану үшін жарайтын ыдысқа ауыстырып салыңыз.
Металл тұтқасы бар тағамдық картон	Ұшқындау тудыруы мүмкін. Азық-түлікті қысқа толқынды пеште пайдалану үшін жарайтын ыдысқа ауыстырып салыңыз.
Металл немесе металл әрлеуі бар ыдыс	Металл қысқа толқындардың тамаққа қолжетімділігін жабады. Металл әрлеу ұшқындауды тудыруы мүмкін.
Металл тартпа	Пеште ұшқындауды және тұтануды тудыруы мүмкін.
Қағаз пакеттер	Пеште тұтану тудыруы мүмкін.
Пенопласт бұйымдар	Пенопласт жоғары температура әсер еткенде ішіндегі еріп кетуі немесе ішіндегі сұйықтықты ластауы мүмкін.
Ағаш бұйымдар	Сүрек қысқа толқынды пеште пайдаланылған кезде кебеді және шағылуы немесе жарылуы мүмкін.

ҚЫСҚА ТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІ ОРНАТУ

Қысқа толқынды пештің бөліктері мен қосымша жабдықтарының атаулары

Қаптама ішіндегісін алып шығыңыз, сонымен қатар пештен қосымша жабдықтарды шығарыңыз. Қысқа толқынды пештің жеткізілім жиынтығына келесі қосымша жабдықтар кіреді:

Шыны табандық	1
Жиналған айналмалы диск	1
Пайдаланушы нұсқаулығы	1



Грильге арналған тор
(тек Гриль сериясы үшін)


- A) Басқару панелі
- B) Айналмалы табандық осі
- C) Жиналған айналмалы диск
- D) Шыны табандық
- E) Бақылау терезесі
- F) Жиналған есік
- G) Қорғаныштық бұғаттау жүйесі

Егер жұмыс кезінде есікті ашу қажет болса, пештің қуатын сөндіріңіз.

Айналмалы табандықты орнату

Күпшек (төменгі жағы)

Шыны табандық



Айналмалы табандық осі

Жиналған
айналмалы
диск

- a. Айналмалы шыны табандықты ешқашан түбін жоғары қойып төңкермеңіз. Шыны табандық кедергісіз айналуы керек.
- b. Шыны табандықты және айналмалы дискіні тағам дайындаған әр кезде пайдалану керек.
- c. Барлық азық-түлік өнімдері мен азық-түлік салған ыдыс әрқашан пісіруге арналған шыны табандыққа қойылады.
- d. Егер шыны табандық немесе айналмалы диск жарылған немесе сынған болса, жақын жердегі авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз.

Пешті орнату

1. Қысқа толқынды пештің корпусының бетінен қорғаныш үлдірді шешіп алыңыз, магнетронды қорғау үшін пештің қуысына бекітілген ақ түсті слюда тілімшесін алып тастамаңыз.
2. Осы пеш үшін тек қана кіріктірілген пайдалану қарастырылған. Ол үстелдің үстіңгі тақтайында немесе шкафтың ішінде қолдануға арналмаған.
3. Аспапты ені 60 см (тереңдігі кемінде 55 см) қабырға шкафына орнатуға болады.
4. Аспап ашамен жабдықталған және оны тек қана дұрыс орнатылған жерге тұйықталған розеткаға қосу керек.
5. Желінің кернеуі паспорттық тақтайшада көрсетілген кернеуге сәйкес келуі керек.
6. Тек білікті электрик розетканы орната алады немесе жалғаушы кәбілді ауыстыра алады. Егер орнатқаннан кейін аша қолжетімсіз болса, орнатқан жерде барлық полюстерде түйіспелері арасында кемінде 3 мм саңылауы бар ажыратқыш болуы керек.
7. Адаптерлерді, көп орынды розеткаларды және ұзартқыштарды пайдалануға тыйым салынады. Артық жүктеме тұтаны қауіпіне әкелуі мүмкін.

Орнату сызбасы

1. Орнату үшін қажетті құрамдауыштар тізімі.

1) Шкаф (1-сур.)

※Шкаф өлшемдері 1-суретте көрсетілгендей болуы керек.


2) Орнату шаблону (2-сур.).

3) Қысқа толқынды пештің төменгі тілімшесінде бекітуге арналған болат тілімше (3-сур.).


4) Шкафтың төменгі тілімшесінде бекітуге арналған болат тілімше (4-сур.).

5) Бұрандалар (5-сур., 6-сур., 7-сур.).


1-сурет



2-сурет



3-сурет



4-сурет



5-сурет



6-сурет



7-сурет




2. Орнату алдында тексеріңіз

- 1) Қаптама жиынтығын қысқа толқынды пешке бекітетін 4 бұранда (2 жоғарғы және 2 төменгі) қатты бұралғанын тексеріңіз.
- 2) Есік панелінің алдыңғы беті және жапсырма жиынтығының алдыңғы беті бір-біріне параллельді болуы керек. Егер олар параллельді болмаса, қысқа толқынды пеш жапсырмасының жиынтығын бекітетін бұрандаларды босатыңыз, ал содан кейін жапсырма жиынтығының бетін реттеңіз.
※ Жапсырманың алдыңғы панельге қатысты қате орнатылуы олар бір-біріне кедергі келтіруіне әкелуі мүмкін.
- 3) Қысқа толқынды пеш пен қаптама жиынтығы арасындағы сол, оң және төменгі, жоғарғы саңылаулар бірдей болуы керек. Сол жақ саңылау оң жақтан сәл үлкенірек болады. Егер саңылау тегіс болмаса, қаптама жиынтығын қысқа толқынды пешке бекітетін бұрандаларды босатыңыз, ал содан кейін қаптама жиынтығын оңға және солға немесе жоғары және төмен жылжыту арқылы саңылауды реттеңіз.


3. Орнату процедурасы

- 1) Шкафтың орталық сызығын оның төменгі тілімшесінде белгілеңіз.
- 2) Орнату шаблонын шкафтың төменгі тілімшесіне қойыңыз, орнату шаблон мен шкафтың орталық сызығын туралаңыз.
- 3) №3 болат тілімшесін қысқа толқынды пештің төменгі тілімшесіне, 8-суретте көрсетілгендей, 2 №6 бұрандамен бекітіңіз.
- 4) №4 болат тілімшені, 9-суретте көрсетілгендей, 3 №6 бұрандамен шкафтың төменгі тілімшесіне бекітіңіз.
※Болат тілімшесін бекіткеннен кейін шкафтан орнату шаблон алып шығыңыз.
- 5) Қысқа толқынды пешті шкафқа орналастырыңыз және №3 болат тілімшені, 10-суретте көрсетілгендей, №4 болат тілімшенің тікбұрышты тесігіне салыңыз.
- 6) Қысқа толқынды пешті және қаптаманың жиынтығын шкафтың жақтауына тигенше шкафқа салыңыз.
- 7) Қысқа толқынды пешті, 11-суретте көрсетілгендей, №7 бұранда көмегімен шкафтың төменгі бөлігіне бекітіңіз.


8-сурет




9-сурет



10-сурет



11-сурет



Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Сағатты баптау

Қысқа толқынды пеш желіге қосылған кезде экранда «0:00» көрсетіледі және бір реттік дыбыстық сигнал беріледі.

1) «☺» екі рет басыңыз, сағат цифрлары жыпылықтай бастайды.

2) Сағат цифрларын реттеу үшін «+» және «-» басыңыз, 0-23 дейінгі мәнді таңдаңыз.

3) «☺» екі рет басыңыз, минут цифрлары жыпылықтай бастайды.

4) Минут цифрларын реттеу үшін «+» және «-» басыңыз, 0-59 дейінгі мәнді таңдаңыз.

5) Сағатты баптауды аяқтау үшін «☺» басыңыз. «:» жыпылықтай бастайды және уақыт жанады.

- Ескертпе:**
1. Егер сағат бапталмаса, ол қуат қосылған кезде жұмыс істемейтін болады.
 2. Егер сағатты баптау кезінде «||_P3» батырмасын бассақ, пеш автоматты түрде алдыңғы күйге қайта оралады.
 3. Сағатты қайта баптау үшін ұзақ уақыт «☺» басыңыз.

2. Қысқа толқынды пеш режимінде дайындау (Microwave)

«☺» басыңыз, жарықдиодта 800 көрсетіледі, қажетті қуатты таңдау үшін «+» және «-» батырмаларын басыңыз. Әр басқан сайын 800, 700 ... 200, 100 мәндері көрсетілетін болады. Растау үшін «▷₊₃₀» басыңыз. Одан кейін дайындау уақытын 0:02 бастап 95:00 мин дейін орнату үшін «+» және «-» басыңыз. Дайындауды бастау үшін «▷₊₃₀» басыңыз.

1) Бір рет «☺» басыңыз, экранда 800 көрсетіледі.

2) Қысқа толқынды пештің 700 қуатын таңдау үшін тағы бір рет «-» басыңыз. Растау үшін «▷₊₃₀» басыңыз.





3) Одан кейін дайындау уақытын белгілеу үшін, 20:00 көрсетілгенше, үшін «+» және «-» басыңыз.


4) Дайындауды бастау үшін «▷₊₃₀» басыңыз.



Ескертпе: уақытты реттеу аралығы құрайды:


0---1 мин	: 5 секунд
1 --- 5 мин	: 10 секунд
5 --- 10 мин	: 30 секунд
10---30 мин	: 1 минута
30---95 мин	: 5 минут

3. Гриль (Grill) немесе Аралас (Combi) режимі. Тамақ дайындау

Бір рет «» басыңыз, жарықдиодта G символы шығады. Одан кейін дайындау уақытын 0:02 бастап 95:00 дейін белгілеу үшін «» және «» басыңыз. Дайындауды бастау үшін «» басыңыз.






1) Бір рет «» басыңыз, экранда G символы көрсетіледі.


2) Одан кейін дайындау уақытын белгілеу үшін, 10:00 көрсетілгенше, «» және «» басыңыз.



3) Дайындауды бастау үшін «» басыңыз.


Ескерту: Гриль режимінде дайындау уақытының жартысы өткеннен кейін пеш дыбыстық сигнал береді, бұл қалыпты жағдай. Бұл грильде жақсырақ дайындау үшін тамақты аударуыңыз үшін қарастырылған. Тамақ аударылғаннан кейін есікті жабу керек, және де егер жаңа операциялар орнатылмаса, пеш дайындау процесін жалғастырады.

4. Combi аралас режимі Тамақ дайындау

«» бір рет басыңыз, жарықдиодта C-1 көрсетіледі, содан кейін «» екі рет басыңыз, жарықдиодта C-2 көрсетіледі, содан кейін дайындау уақытын 0:05-95: 00 мин орнату үшін «» және «» басыңыз. Дайындауды бастау үшін «» басыңыз.

1) Бір рет «» басыңыз, экранда C-1 көрсетіледі.

2) Одан кейін дайындау уақытын белгілеу үшін, 10:00 көрсетілгенше, «» және «» басыңыз.

3) Дайындауды бастау үшін «» басыңыз.

Гриль/Аралас. Басқару жөніндегі нұсқаулар

Тармақ	Дисплейде көрсету	АЖЖ-қуат	Гриль қуат-тылығы
1	G	0%	100%
2	C-1	60%	40%
3	C-2	30%	70%

5. Жылдам бастау

1) 100% қуатпен дайындауды бастау үшін күту режимінде « \triangleright_{+30} » басыңыз. Өрбір қосымша басу дайындау уақытын 30 секундтан 95 минутқа дейінгі диапазонда арттырады.

2) Қысқа толқынды пеш, Гриль және Аралас режимдерінде дайындағанда немесе уақыт бойынша жібіткенде « \triangleright_{+30} » батырмасын әр басу уақытты 30 секундқа ұзартуға мүмкіндік береді.

3) АЖЖ 100% қуатында дайындау уақытын орнату үшін күту режимінде «+» және «—» басыңыз. Содан кейін дайындауды бастау үшін « \triangleright_{+30} » басыңыз.

6. Салмақ бойынша жібіту

1) Бір рет « $\%$ » басыңыз, пеш дисплейінде dEF1 көрсетіледі.

2) Азық-түлік салмағын 100-2000 г дейін таңдау үшін «+» және «—» басыңыз.

3) Жібітуді бастау үшін « \triangleright_{+30} » басыңыз.

7. Уақыт бойынша жібіту

1) Екі рет « $\%$ » басыңыз, дисплейде dEF2 көрсетіледі.

2) Жібіту уақытын белгілеу үшін «+» және «—» басыңыз.

3) Жібітуді бастау үшін « \triangleright_{+30} » басыңыз.

8. Мәзір

Бір рет « $\square\square$ » басыңыз, жарықдиодты индикаторда P1 көрсетіледі. Содан кейін таңдау үшін « $\square\square$ » басыңыз, сонда «P1»-ден «P8» дейінгі символдар көрсетіледі, олар келесі мәндерге сәйкес келеді: торт, пицца, көже, ет, макарон, көкөністер, картоп және жылыту. Растау үшін « \triangleright_{+30} » басыңыз. Мәзірде әдепкі қалпы бойынша салмақты таңдау үшін «+» және «—» басыңыз. Дайындауды бастау үшін « \triangleright_{+30} » басыңыз.

Мысал: сіз 400 г көкөніс дайындау үшін «Мәзірді» пайдаланғыңыз келеді

1) Бір рет « $\square\square$ » басыңыз, жарықдиодты индикаторда P1 көрсетіледі.

2) P6 таңдау үшін « $\square\square$ » басыңыз. Растау үшін « \triangleright_{+30} » басыңыз.

3) Одан кейін 400 дейінгі салмақты таңдау үшін «+» және «—» басыңыз.

4) Дайындауды бастау үшін « \triangleright_{+30} » басыңыз.

Мәзір кестесі:

Мәзір	Салмағы	Дисплейде көрсету
P1 Торт	200 г	200 г
	475 г	475 г
P2 Пицца	200 г	200 г
	400 г	400 г
P3 Көже	200 г	200 г
	400 г	400 г
	600 г	600 г
P4 Ет	200 г	200 г
	400 г	400 г
	600 г	600 г
P5 Макарон	50 г	50 г
	100 г	100 г
	150 г	150 г
P6 Көкөністер	200 г	200 г
	400 г	400 г
	600 г	600 г
P7 Картоп	250 г	250 г
	500 г	500 г
	750 г	750 г
P8 Жылыту	200 г	200 г
	400 г	400 г
	600 г	600 г

8. Таймер

1) Бір рет «☺» басыңыз, дисплейде «0:00» көрсетіледі.

2) Таймерді орнатыңыз. (Сағатты орнату бойынша нұсқаулықты қар.)

3) Таймерді қосу үшін «▶₊₃₀» басыңыз.

4) Уақыт санағы басталғанға дейін сигнал бір рет естіледі.

9. Сұраныс функциясы

1) Дайындау режимінде «☺» басыңыз, сонда 3 секунд бойы ағымдағы уақыт көрсетілетін болады.

2) Қысқа толқынды пеш режимінде «☹» басыңыз, сонда 3 секунд бойы ағымдағы қуат көрсетілетін болады.

3) Гриль және аралас дайындау режимдерінде «☹» басыңыз, сонда 3 секунд бойы ағымдағы мәзір көрсетілетін болады.

11. Балалардан бұғаттау функциясы

Бұғаттау: күту күйінде «|L3» басыңыз және 3 секунд бойы басып ұстаңыз, балалардан бұғаттау күйіне кіруді білдіретін ұзақ дыбыстық сигнал естіледі. Егер уақыт орнатылған болса, бұғаттау индикаторы жанады, керісінше жағдайда «L3» көрсетіледі.

Бұғаттан шығару: бұғатталған күйде «L30» басыңыз және 3 секунд бойы басып ұстаңыз, бұғаттан шыққанды білдіретін ұзақ дыбыстық сигнал естіледі.

Ақаулықтарды табу және жою

Норма	
Қысқа толқынды пеш жұмыс істеп тұрған кезде радио- және телебағдарламаларды қабылдау қиындауы мүмкін. Дәл осындай жағдай кез келген электр құрылғылары, мысалы, араластырғыш, шаңсорғыш, электр желдеткіші жұмыс істеген жағдайда пайда болады. Бұл қалыпты құбылыс.	Қысқа толқынды пеш жұмыс істеп тұрған кезде радио- және телебағдарламаларды қабылдау қиындауы мүмкін. Дәл осындай жағдай кез келген электр құрылғылары, мысалы, араластырғыш, шаңсорғыш, электр желдеткіші жұмыс істеген жағдайда пайда болады. Бұл қалыпты құбылыс.
Ішіндегі жарық күңгірт жанады	Төмен қуаты бар АЖЖ-мен дайындаған кезде пештің жарықтандыруы неғұрлым әлсіз болуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс.
Есіктің булануы, желдеткіш тесіктерден ыстық ауаның шығуы.	Дайындалған тағамнан бу шығуы мүмкін. Оның көп бөлігі желдету саңылаулары арқылы сыртқа шығады. Бірақ кейбір бөлігі пештің есігі сияқты суық бетте жиналуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс.
Пеш тамақсыз кездейсоқ іске қосылды.	Пешті ішінде азық-түлік болмаса пайдалануға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.

Ақаулықтар	Ақаулықтың ықтимал себебі	Шешімі
Пешті іске қосу мүмкін емес.	(1) Қуат баусымы тығыздап салынбаған.	Ашаны розеткадан суырыңыз. Содан кейін ашаны розеткаға 10 секундтан кейін қайта салыңыз.
	(2) Сақтандырғыш немесе автоматты ажыратқыш іске қосылды.	Сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе ажыратқышты қалпына келтіріңіз (біздің компанияның кәсіби қызметкерлері жөндейді)
	(3) Розетка ақаулығы.	Розетканы басқа электр аспаптармен тексеріңіз.
Пеш қызбайды.	(4) Есік тығыз жабылмаған.	Есікті тығыз жабыңыз.
Қысқа толқынды пеш жұмыс істеп тұрған кезде шыны табандық шулайды.	(5) Айналмалы диск тірегі мен пештің түбі ластанған.	Лас бөлшектерді тазарту үшін қысқа толқынды пешке техникалық қызмет көрсету тарауын қараңыз.



Электр және электронды жабдықты қайта өңдеу Директивасына (WEEE) сәйкес, мұндай қалдықтарды бөлек жинап, өңдеу керек. Болашақта сізге бұл бұйымды кәдеге жарату қажет болса, оны тұрмыстық қалдықтармен бірге **ТАСТАМАҢЫЗ**. Осы өнімді электр және электронды жабдықтардың қалдықтарын жинау орындарына жіберіңіз, егер олар бар болса..



Пештің беті жұмыс кезінде қызуы мүмкін.

Тасымалдау және сақтау

Өнімді онда көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес зауыт қаптама-сында тасымалдау және сақтау қажет.

Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз.

Көлік пен қоймалар өнімді атмосфералық жауын-шашыннан және механика-лық зақымданудан қорғауды қамтамасыз етуі керек.

Клиенттерге қызмет көрсету

Тұтынушылық қызметі

Сапсіу компаниясының тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне, сондай-ақ түп-нұсқалық қосалқы бөлшектерді пайдалануға кеңес береміз. Егер сіздің тұрмыстық техникамен қиындықтарыңыз болса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер де сіз проблемаңыздың шешімін таба алмаған болсаңыз, мынаған жүгініңіз:

— біздің ресми дилерімізге немесе

— колл-орталыққа қоңырау шалыңыз:

8-800-070-03-29 (РК),

— <https://haieronline.kz/> сайтына кіріңіз, онда сіз қызмет көрсету туралы сұрау жібере аласыз және жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біз бастапқы қаптамадағы қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Сервис қызметіне жүгінер алдында сізде келесі мөлiмeтeр бар екендігіне көз жеткізуіңізді сұраймыз.

Бұл ақпаратты құрылғы есігінің оң жағында орналасқан техникалық деректер жасылған тақтайшадан табуға болады.

Үлгі _____

Сериялық нөмірі _____



Қолданбаны жоғалу үшін қолданбаны қолдану үшін қолданбаны қолдану картасын да тексеріңіз. Құжаттарды және сату құжаттарын да тексеріңіз.

Маңызды! Себебі құрылғыда тізбекті нөмір жоқ жасаушы құрылғыны анықтайды, сондықтан оның қолдауын қамтамасыз етеді.

Құрылғыдан фабрика идентификациясын өшіру үшін жабу.

Фабриканың жарлығы жоқ параметрлерді доғаруға болмайды.

Бұл құжат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіруші қосымша ескертусіз өнімнің дизайны мен конфигурациясына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өнімдер Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес келеді.

Сәйкестік сертификаты № EAЭС RU C-CN.AЯ46.B.33292/24 06.02.2024 ж. 05.02.2029 дейін жарамды.

Сәйкестік туралы декларация № EAЭС N RU Д-CN.РА03.B.68110/24 16.04.2024 ж. 15.04.2029 дейін жарамды.

Неғұрлым толық мәліметтер берілген сәйкестік сертификаттарының және Еуразиялық экономикалық одақтың тіркелген сәйкестік декларацияларының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

Кепілдік шарттары

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: Room 8401, HaierBrand building, Haier industry park, Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, Қытай, Сізге таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқажарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге және теледидарлық приставкаларға — 3 жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, ұялы телефондар мен гироскутерлерге — 2 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, біз сізге Candy уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның кемшіліктері анықталған жағдайда тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнамамен, басқа нормативтік актілермен бекітілген тұтынушылар талаптарын қанағаттандыру бойынша міндеттемелерді өзіне алғанын растайды. Алайда, Haier корпорациясы төменде мазмұндалған шарттар сақталмаған жағдайда кепілдікті қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті қызмет көрсетудің шарттары

Haier Корпорациясы тауар тұтынушыға табыс етілген күннен бастап 12 ай кепілдік мерзімді орнатады. Ықтимал жаңсақтықтарға жол бермеу үшін қызмет ету мерзімі ішінде бұйымға сатылған кезде қоса тіркелетін құжаттарды (сату қвитанциясы, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) сақтап қойыңыз.

Кепілдікті тек уәкілетті Candy қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Candy байланыс орталығына хабарласыңыз:

8-800-070-03-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу) немесе сайтта: <https://haieronline.kz> немесе келесі электрондық пошта арқылы сұрату жасап біле аласыз: support-kz@haieronline.kz Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Candy байланыс орталығына хабарласыңыз.

Кепілдік міндеттемелер ақаулықтары келесілердің салдарынан пайда болған бұйымдарға қатысты болмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау жағдайлары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды қате орнату, баптау және/немесе іске қосу;
- тоңазытқыш сұлбамен жұмыстар технологияларын және электрлік қосылуларды бұзу, сонымен қатар бұйымды монтаждауға құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- су құбырларының желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысымнан;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды пайдалану, сонымен қатар жуғыш құралдардың ұсынылған мөлшерлемесінен асып кеткенде;
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланғанда;
- үшінші тұлғалардың әрекеттерінен: уәкілеттері жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе өндіруші рұқсат етпеген құрылымдық немесе сызбалы техникалық өзгерістерді енгізуі;
- стандарттардан және қуат беру желілердің нормаларынан ауытқу;
- еңсерілмейтін күш әрекеттерінен (апат, өрт, найзағай және т. б.);
- жазатайым оқиғалардан, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасқана немесе абайсыз әрекеттерінен
- бұйымның ішіне бөгде заттардың, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің, жәндіктердің тіршілік әрекеттерінің өнімдерінің түсуінен пайда болған бұзылулар анықталса;
- су жылытқыштың толтырылмаған/толық толтырылмаған бағының іске қосылуының салдарынан термоқорғаудың іске қосылуы.

Кепілдікті қызмет көрсету жұмыстардың келесі түрлеріне қатысты болмайды:

- бұйымды пайдаланатын жерде орнату іске қосуға;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқау және кеңес беруге;
- бұйымды сыртынан немесе ішінде тазартуға.

Кепілдікті қызмет көрсетуге төменде аталған шығыс материалдар мен керек-жарақтар жатпайды:

- кондиционерлерге арналған сүзгілер;
- кір және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілерге, суды жеткізу/ағызуға арналған құбыршектерге;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, шөкелер, саптамалар, шаң жинағыштар, сүзгілер;
- микротолқынды пештерге арналған тәрелкелер, істекшелер, торлар, табақшалар және қойғыштар;
- сүзгілер, иісті жұтқыштар, шамдар, сөрелер, жәшіктер, қойғыштар және тоңазытқышқа азық-түлікті сақтауға арналған басқа ыдыстар;
- басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуат беру элементтері, қуат берудің сыртқы блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қосымша тіркелетін құжаттама.

Бұйымға мерзімдік қызмет (сүзгілерді ауыстыру және т. б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша ақыға жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірдің болмауы өндірушіге аспапты сәйкестендіруге, және де, нәтиже ретінде, оған кепілдікті қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіруші тақтайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдікті міндеттемелерді орындаудан бастартудың себебіне айналуды мүмкін.

CANDY

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech
Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-тек
зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация/ импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8,
этаж 16, офис 1601.
Тел.: 8-800-250-65-74, адрес эл. почты: help@candy-home.ru

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу
ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.
Тел.: 8-800-070-03-29, эл.поштаның мекенжайы:
support-kz@haieronline.kz

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский
район, Проспект Достык, дом 210.
Тел.: 8-800-070-03-29, адрес эл. почты:
support-kz@haieronline.kz

Сделано в Китае
Қытайда жасалған

Дата изготовления и
гарантийный срок указаны
на этикетке устройства

Шығарылған күні және
кепілдік мерзімі
құрылғының
заттаңбасында көрсетілген

